

"Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау" және "Кешенді тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 681 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 18 шілдеде № 17217 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 казандағы № 442 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.10.2020 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау" және "Кешенді тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 681 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12839 болып тіркелген, "Әділет" нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 28 наурызда жарияланған) мынадай езгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1 және 2-тараулардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

"2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

бір жоғары оқу орнынан екінші жоғары оқу орнына ауысу кезінде:

1) білім беру ұйымы басшысының атына ауысу туралы еркін нысандағы етініш;

2) "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бүйрығымен бекітілген нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) транскриптің көшірмесі;

3) "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша білім беру гранты иегері қуәлігінің көшірмесі (бар болғанда);

білім алушылар қатарына қайта қабылдау кезінде:

1) білім беру ұйымы басшысының атына қайта қабылдану туралы еркін нысандағы өтініш;

2) "Білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бүйрығымен бекітілген нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5717 болып тіркелген) транскрипт немесе білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама;

шетелдік білім беру ұйымынан ауысу және қайта қабылдау кезінде:

1) менгерілген білім беру бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бүйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат;

3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі сынақ нәтижелері.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде, қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі қабылдау күні, қабылдаған адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болса) және құжаттар топтамасын қабылдаған уақыты көрсетілген белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.";

3-тaraудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Орталық мемлекеттік органдың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету

мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым жазбаша түрде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу (мертаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар";

"Кешенді тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1, 2 және 3-тараулардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

"2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі";

"3-тарау. Орталық мемлекеттік органдың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым жазбаша түрде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағымда көрсетілген қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері жөніндегі шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдеп органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдеп органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

4-тараудың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсете ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.С. Ысмағұлова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

E. Сагадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

"___" 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК